

Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің
«Боранқұл» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорыны

«Үй жануарлары» (Ашық оқу-қызметі)

Өткізген: Шинжирбекова М

*Төмендегі
жұмыс*

Білім беру саласы: Коммуникация

Оқу іс - әрекеті: Көркем әдебиет

Тақырыбы: «Үй жануарлары»

Мақсаты: Үй жануарлары жайында білімдерін бекіту. Жануарларды өзгешеліктеріне байланысты салыстыра білу.

Дамытушылығы: Балалардың сөздік қорын молайту, есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: Үй жануарларын күтуге, қорғауға, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Үй жануарларының суреттері.

Әдіс - тәсілі: Көрсету, түсіндіру, сұрақ - жауап, сергіту сәті, қорытынды.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық	<p>Шаттық шеңбері:</p> <p>Қайырлы күн, Жер Ана, Қайырлы күн, көк Аспан, Қайырлы күн, достар, Қайырлы күн, балалар. Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем айларын айтайықшы? Көктем мезгілінде ауа-райы қандай болады?</p>	<p>Көктем Наурыз, сәуір, мамыр. Балалар жауабы.</p>
Ұйымдастырушылық -ізденіс кезеңі	<p>Балалар экранға назар аударайық, не көріп тұрмыз. Біз үй жануарларынан сүт, жүн, қаймақ, шұбат, айран аламыз, олардың бізге пайдасы зор. Балалар мен сіздерге сандық ішіндегі өлең жолдарын оқып берейін, сендер мұқият тыңдаңдар. Құлыншағым құндызым Құлдырайды шабады Жылтылдаған жұлдызым Құстай қанат қағады.</p> <p>Қара көзің мөлдіреп, Қызықтырмай қоймайды, Жібек жүнің үлбіреп Қарасаң көз тоймайды.</p> <p>Шөре - шөре лағым, Тентек болма шырағым. Секектеме демінді ал, Селтендемей құлағың.</p> <p>Момақаным менің Маңырыма төлім Тойғызады кешке Енең келіп сенің.</p>	<p>Түйе, қой, ешкі, сиыр, жылқы. Бота, қозы, лақ, бұзау, құлын</p> <p>(құлын)</p> <p>(Қозы)</p> <p>(Лақ)</p> <p>(Бұзау)</p>

	<p>Д/қ ойын: «Қай жануар жасырынып тұр?» (видео) Қой,ешкі,жылқы,сиыр, түйе. Сергіту сәті: Қошақаным әні. (балалар бірге билейді) Д/қ ойын: «Төлдерді енесіне табыстыр.» деп аталады, суретте көрсетілген жануарлардың төлдерін енесіне табыстыру.</p>	<p>Балалар жасырынып тұрған жануарларды табады. Сергіту сәтін қимыл қозғалыс арқылы орындайды.</p>
Рефлексі - коррекциялау	<p>Бүгін қандай жануарлармен таныстық? Үй жануарларына қандай жануарлар жатады екен? Жақсы балалар, әрқашан үй жануарларына қамқорлық жасап жүруіміз керек. Балалар сабаққа өте жақсы қатыстыңдар. Оқу іс - әрекеті аяқталды, сау болыңыздар.</p>	<p>Балалар: Үй жануарларымен таныстық. Балалар: Сиыр, түйе, қой, ешкі, жылқы. сау болыңыз.</p>

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Балалардың төрт түлік жануарларды білуі,оның адамға тигізетін пайдасы.

Болу керек: Төлдерінің атауы,төлін шақыру белгісі.

Қолынан келу: Оларды күтіп баптау қызметі туралы үйренді.



